

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Көсемсөз сардары

1911 жылы қаңтар айында Троицк қаласында қазақ тарихындағы алғашқы журнал «Айқап» жарыққа шықты, сол жылдың 16 наурызында «Қазақстан» газетінің алғашқы саны жарияланды. Ол орыс және қазақ тілдерінде басылды. 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап Орынборда «Қазақ» газеті шыға бастады. Ташкент қаласында Ақпан төңкерісі қарсаңында «Алаш» газеті жарық көре бастады. Бұл басылымдардың барлығының идеялық бағыты әртүрлі болды, бұл оларды шығарушылардың көзқарастарына байланысты еді.

«Айқап» журналының шығу тарихы әріден басталады. 1910 жылы патша үкіметі М.Серәлиннің журнал шығару туралы өтінішіне қол қойды және журналды шығаруға рұқсат берді. Онда: «Киргизу Кустанайского уезда Чубарской волости №5 М.Сералину выдано разрешение на издание в г.Троицке под его ответственность ежемесячного журнала «Эй-Кафь» по следующей программе: передовые статьи, заграничные вести, вопросы мусульманской жизни, хроника, фельетоны и стихотворения, библиография и научные статьи, смесь и письма в редакцию», деп жазды.

Қостанайлық журналист С.Ужгин М.Серәлиннің қоғамдық-саяси өмір-баяны туралы баяндай келіп, ең басында демократиялық бағыттағы орыс және қазақ тілдерінде жарық көретін басылым шығару ойда болғанын айтады. М. Серәлин оның қазақ бөліміне, ал журналист Ильминский орыс бөліміне редакторлық етуі ұйғарылады. Ильминский қазақ байлары С.Иманшалов, К.Алдияров және Қылышбаевпен газетке материалдық қолдау жасау жөнінде келіссөз жүргізе бастайды, мұны естіген М.Серәлин аталған байлар қаржыландыратын басылымда жұмыс істемейтінін, оның үстіне олардың тапсырыстарын орындамайтынын айтқан. Сөйтіп, алғашқыда екі тілде жарық көруге тиісті газет шығару жоспары аяқсыз қалады. М.Серәлин болса «Айқап» журналын шығаруға қам жасады.

Журналдың жарық көруі үлкен серпіліс туғызады. Өйткені қазақ қоғамында бұрын-соңды мұндай идея жүзеге аспаған еді. «Оренбургский край» газетінде осыған орай «Мұсылман баспасөзі» деген мақала жарық көріп, онда «...Киргизский двухнедельный общественно-политический журнал «Айқап» представляет в высшей степени самобытное по характеру и по типу издание. Редактором названного журнала является коренной степняк – киргиз М.Сералин... Пять дней в неделю он проводит у себя за работой в ауле, а на шестой приезжает в город для редакционной работы. Зная его за человека мелкого достатка, просто удивляешься, как это можно осуществить солидный (до 4/5 листов) двухнедельник, имеющий небольшой тираж в 900-1200 экземпляров. Но это секрет не только для тех, кто не постиг тайны того духовного родства, которое установилось среди

киргизской интеллигенции, журналом и киргизской массы...», деп жазды.

«Айқап» патша үкіметінің бақылаушы органдарының назарында болды, сондықтан да цензорлар империяның бір шетіндегі мекенде шығып жатқан баспасөз органдарынан ұлыдержавалық «патриотизмді» және патшаның ішкі және сыртқы саясатын толық қолдауды талап етті. Жандарм цензоры полковник Кучин осы орайда айрықша белсенді болды, «Айқапты» бақылап отыру да соған тапсырылған болатын. С.Ужгиннің айтуына қарағанда, ол жер бөлушілердің (землемер) шектен шыққан әрекеттері туралы сын материалдарды қырқып тастап отырған. Ахмет Байтұрсынұлы секілді ұлт зиялыларының алғашқы мақалалары прогрессивті бағытта шыға бастаған «Айқап» журналында жарық көру мүмкіндігіне ие болды. Оған М.Серәлиннің игі әсері болғаны даусыз.

1915 жылдың екінші жартысынан бастап «Айқап» шығуын тоқтатты. Журналдың жабылу себебін Х.Бекхожин оның бетінде большевик Ф.Ф.Сыромолотовтың Бірінші дүниежүзілік соғысты кінәлаған мақаласы себеп болды деп түсіндіреді. Бұл үкімет тарапынан ашу-ыза туғызса, М.Серәлиннің өзі де Сібірге айдалып кете жаздап, аман қалған.

Мұхамеджан Серәлин журналдың редакторы ғана емес, оның алғашқы ұйымдастырушысы, дем берушісі, идеялық жетекшісі болды. Қазақ журналистикасының негізін салушылардың бірі Мұхамеджан Серәлин (1872-1929) «Айқап» журналының редакторы, қазақтың алғашқы журналистерінің бірі. Бұрынғы Қостанай уезі Шұбар болысына қарасты 5-ші ауылда (қазіргі Қарабалық ауданының Өрнек ауылы) туған. Әкесі Серәлі елге әйгілі ақын болған. Оның жырлары «Бес ғасыр жырлайды» антологиясында жарық көрді.

М.Серәлин Троицк қаласындағы медреседе білім алады. Кейін Қостанайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебінде оқиды. Әуелі татар көпесі М.Яушевта сұрыптаушы (сорттаушы) болып жұмыс істейді. 1911 жылдан бастап Троицкіде «Айқап» журналын шығара бастады. 1919 жылдан Орынборда «Ұшқын» газетінде қызмет істейді. 1921 жылы Қостанайға қайтып оралып, Шұбар болыстық атқару комитетінің төрағасы болады. 1922 жылы губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Одан кейін бірнеше жыл «Ауыл» газетіне редактор болды. Журналист қана емес, ақындығымен де танылған М.Серәлин «Топжарған» және «Гүлқашима» поэмаларын жариялады. Журналда және газетте отырықшылық мәселесіне ерекше назар аударып, мақалалар жазды.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге баға жетпес үлес қосқан көрнекті ғалым Бейсенбай Кенжебаев күні кешегі солақай саясаттың тұсында да көп ғалымдар есімдерін атауға да жүрексінген әдебиетшілер туралы қалам тербегенін білеміз. Әсіресе жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ даласындағы оқу-ағарту жұмысында ерекше көзге түскен демократ жазушылар зерттеушінің зерттеу объектісіне айналды. Қазақ тілінде кітап бастыру ісі де осы мезгілде ерекше дамыған болатын.

Ғалым қазақ басылымдары арасында «Айқап» журналына айрықша тоқталып, Мұхамеджан Серәлин, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев секілді ақын-жазушылар осы журнал арқылы жазушы болып қалыптасты деген пікір айтады. Ғалым «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» деп аталатын кітабында «Айқап» журналының алғашқы шығарушысы Мұхамеджан Серәлин рөлін ерекше бағалайды. «Журнал шығарудағы мақсатымыз тек қана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді», деген Серәлин сөзін кейін Ахмет Байтұрсынұлы іліп алып кеткені белгілі.

Мұхамеджан Серәлин шығармаларында сол кезде Қостанай өңірінде болған тарихи оқиғаларға назар аударады, Кенесары хан туралы толғанады. «Топжарған» поэмасында танабұға Наурызбай би туралы:

«Арқада Көкбурылдай жүйрік бар ма?

Өтіпті би Наурызбай деген нарда.

Көкбурыл ат Наурызбайдан

ұрлап алып,

Кенеге тарту қылған үңгіт Қарға», –

деп суреттеген Наурызбай бидің Көкбурыл аты кейін Кенесары ханның інісі Наурызбай батырға бұйырған.

«Айқап» жергілікті орыс революционерлерінің ықпалында болды, Ресейдегі өзгерістер туралы жазды, ең алдымен орыс жұмысшы табының сөзін сөйледі, журналда Серәлиннің өзінің де идеялық көзқарастары көрініс тапты.

М.Серәлин 1924 жылы «Айқап» журналының тарихына арналған мақалада: «журнал еңбекші таптың, халықтың органы болды. Сондықтан да ол белгілі бір таптық, экономикалық және саяси бағыт-бағдар ұстанған жоқ», деп жазды. Қазақ шаруалары – ауыл кедейлері, сол кезде барлық қазақ халқының 80-95%-ын құрайтын, олардың идеялық-саяси дамуы ХХ ғасырдың басында да белсенділігі төмен әлеуметтік сипатта болатын.

«Айқап» журналы қазақ қоғамының өзгеріске ұшырауын оқу-ағарту және өркениетпен, отырықшылық мәдениетпен байланыстырды. Әдет пен шариғаттың ескірген дағдылары мен заңдарынан бас тартуға шақырды. Журнал халықтың артта қалуының негізгі себептері надандық, көшпелі тұрмысқа байланысты оқшаулану, қазақ даласында мәдениет ошақтарының жоқтығы деп түсіндірді. Журналда әйел теңдігі мәселелері көтерілді.

«Айқап» қазақ демократиялық интеллигенциясының ұлттық идеяларын насихаттай отырып, түрлі идеялар мен көзқарастағы авторларға орын берді, орыс және қазақ халықтарының тығыз байланысын жақтады, демократиялық Ресейге арқа сүйеді. Мұның өзі оны сол кезеңдегі басқа басылымдардан ерекшелендіріп тұратын.

Журналды шығаруға дайындық кезеңінде оның бастама тобына М.Серәлиннің өзінен басқа жергілікті мұғалімдер Спандияр Көбеев,

Ералин, Бейсенов кірді. Журналды насихаттаушы үгітшілер ауадай қажет болатын.

М.Серәлин кейбір қазақ студенттері мен оқытушыларының да қызметін пайдаланды. Олар күз және қыс айларында қалалық училищелер мен семинарларда білім алып, ал көктем мен жазда ауылдарға мұғалім болып баратын. Олар журналды бұқара арасына таратуға және насихаттауға көп үлес қосты. Әсіресе Қостанай, Ырғыз және Торғай уездерінде белсенді әрекет етті. Асылбек Тәшбаевтың жазғанына қарағанда, олардың арасында М.Серәлиннің ең жақын серіктері, студенттер С.Торайғыров, Ә.Ғалымов, М.Кашимов, З.Расулов болған. Олардың кейбіреулері кейін журналдың қызметкері болып жұмыс істеді.

Журнал авторлары мен жақтастары қатарында жергілікті интеллигенция өкілдері Ғ.Мұсағалиев, С.Лапин, Ж.Тілеубергенов, М.Есенгелдин, Х.Мұхамеджанов, А.Ғалимов, А.Жанталин, С.Ғаббасов, М.Жолдыбаев, М.Кәшімов, Д.Қашқынбаев, Н.Манаев, М.Көпеев, М.Қалтаев, К.Кемеңгерұлы, тағы басқалары болды.

Журнал тілеуқорларының арасында қазақ қыз-келіншектері – М.Сейдалина, С.Тілеубайқызы, К.Өтегенова. Олар журнал жұмысына белсене қатысты, әйел теңдігі мәселелерін көтерді.

Патша үкіметінің отарлау саясатын сынап отырып, М.Серәлин өлкедегі жағымды жаңалықтарға лайықты баға берді, кей кездері тіпті асыра бағалап та отырды. Онда орыс-қазақ мектептері мен училищелерінің ашылуына, облыстық басқармалардағы мектеп инспекторларының қызметіне баға берілді. Бұл саладағы ірі кемшіліктер Серәлиннің - ойынша осындай игіліктерді дұрыс пайдалана алмай отырған қазақтардың өздеріне байланысты.

«Біз сайлаудың бастамаларының жақсылығын дұрыс түсіне алмадық, сайлауға қатысу құқымызды дұрыс пайдаланбай, уақытты өзара кикілжіңдер мен дау-дамайға жұмсадық. Біз орыс үкіметінің жарлығымен біз үшін ашылған мектептерден өзімізге пайда келтіре алмай отырмыз», деп жазды.

М.Серәлин ресми баспасөзде жарық көрген мақалаларын кейде: «біздің сүйікті Отанымыз – Россия империясының лайықты азаматы болайық», деген сөздермен аяқтайтын. Мұның өзі патша үкіметі цензурасының көзін бояу мақсатында жасалған деп түсінген жөн.

XX ғасырда қазақ даласында қоғамдық-саяси өмірде екі мәселе ерекше ел назарында болды. Ол жер мәселесі және патшаға қарсылық болатын. Жер мәселесінің дұрыс шешілуі қазақ халқының тағдырына байланысты болса, ауыл старшиналарынан бастап болыстық басқармаларға дейін, патша үкіметінің орталық органдары қалыптасқан жағдайға байланысты оны үнемі назарында ұстады. Көшпелі қазақтардан шұрайлы әрі құнарлы жерлер тартып алынып, олар қазынаға алынды. Ауыл тұрғындарының көпшілігі жақсы жайылымнан айырылып, құнары аз жерлерге көшірілді. Орыстың озық ойлы ұлттық

интеллигенциясы да бұл мәселені шұғыл шешу қажет деген пікірде болды.

Орыс капитализмінің өркендеуі қазақтарға да бірте-бірте әсер ете бастады. Шаруаларды жаппай Қазақстанға, Сібірге және басқа аудандарға қоныстандыру саясатын М.Серәлин мәжбүрлік жағдай деп түсініп, оған орыс социал-демократтары позициясынан қарады. «Қоян жылы қазақтарға келген жұт ішкері Россияға де келді. Олар да жұттың зардабын көптен бері тартып келеді. Мұндай қиын жағдайдан шығудың екі-ақ жолы бар. Оның бірі – жері шұрайлы жерлерге тұрғындардың бір бөлігін көшіру, екінші жол – алқапты ескіше өңдеуден бас тартып, немістер мен француздар секілді жерді жаңаша өңдеуге көшу», деді. Шенеуніктер болса алғашқы жолды таңдады, сүйтіп мұжықтарды қазақ даласына жаппай көшіре бастады.

Серәлин журналды сақтап қалу үшін ауылдағы тап тартысы, жер мәселесіне көзқарасы туралы ойларын көбінесе ашық айта алмады. 1905-1915 жылдар аралығында жазған өлеңдерінде М.Серәлин осы мәселелерді айналып өтпейді. Жыр тілімен өз ойын білдіреді.

М.Серәлин орыс тілін жақсы меңгеруге шақырды. Ыбырай Алтынсариннің қазақ даласына сепкен білім ұрығы ол қайтыс болғаннан кейін лайықты жалғасын тауып, өнбей жатыр деп қынжылды. «1914 жылдың 17 шілдесінде алтын басты Ы.Алтынсариннің қайтыс болғанына 25 жыл толды. Оның қазақ халқына жасаған қызметі орасан зор. Ал оны еске алған қазақтар болды ма екен? Жоқ! Шамасы, мәдениетті халықтар қатарына қосылу бізге әлі алыс болуы керек», деп жазды. «Біз басқа халықтардан артта қалмауымыз керек. Қазақ жастары профессорлық лауазым туралы да ойлануы керек», деді. Серәлиннің отырықшылыққа көшу, кәсіп меңгеру, орыс тілін игеру секілді ойлары күні бүгінде маңызын жойған жоқ. Серәлин қазақ көсемсөзінің сардарларының бірі болды десек, артық айтқандық емес.

Мұхамеджан Серәлин «Айқап» журналының оқырмандарына арнауында: «Журналға «Айқап» деп есім бердік. Бұл сөзге түсінген де бар, түсінбеген де табылар. Біздің қазақтың «Әй, қап» демейтұғын қай ісі бар?! Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз ынтымақтаса алмадық. Пұлы барларымыз ынтымақтассақ та, ақшасыз істің жөні табылмады. «Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай» дедік. Жақсы жерлерімізді қолда сақтау үшін қала салмақ болдық. Басымыз қосылмады. Қолайлы жерлер қолдан кетті. «Қап!» ынтымақсыздығымыз-ай, дедік. Болыс, би, ауылнай боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға, «ендігі сайлауда көрерміз, қап, бәлем-ай!» дедік. Осындай біздің қазақтың бірнеше жерде «қап» деп қапы қалған істері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз өкінішімізге лайық «Айқап» болды», деп ағынан жарылды.

Осы беташар сөздің өзі кәдуілгі журналдық немесе газеттік стильден гөрі шешендік үлгілерге жақын. Тіпті ауызекі сөйлеу мәнері анық

байқалады. «Айқап» аты кейінірек «Қазақ тілі» қоғамының Орынбор облысында шығатын газетіне берілді. «Әй, қап!» деген сөзді қазақ журналистері «Әй, қап!» деп сан соғып, «өкініп қалмайық» секілді тақырыптар да пайдаланды. М.Серәлиннің «Топжарған» поэмасының атауы да журналистиканың спорт саласында жиі айтылатын атауға айналды.

Журналдың алқасында атақты ақын Әкірам Ғалымов, сол кездегі танымал журналист Мұхамедсәлім Кәшімов, белгілі демократ ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. «Айқапта» жаңағы аттары аталған ақындармен қатар Мағжан Жұмабаевтың, Сәбит Дөнентаевтың, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Тайыр Жомартбаевтың, Міржақып Дулатұлының, Қошке Кемеңгерұлының, Ахмет Мәметовтің, Мұстақым Малдыбаевтың, Кенжеғали Ғабдуллиннің, Самат Әбішевтің, Байбатыр Ержановтың және басқа таланттардың тырнақалды туындылары жарық көрді. Ә.Фирдоусидің «Шахнамасынан» үзінділер, жазушы Лихановтың «Манап» драмасы, И.Крыловтың, М.Лермонтовтың, А.Пушкиннің, А.Чеховтың, А.Сорокиннің шығармалары қазақ тіліне аударылып басылды. Міне, дәл осы қаламгерлер журнал бетіндегі шеберлік үлгілерінің тұңғыш авторлары, шеберлік дәстүрінің журналдағы алғашқы қарлығаштары болды.

Журналдың алғашқы санында жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың өкпесі» мақаласы: «Дүнияда ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін? Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ», деген бағдарламалық алғысөзі қанатты сөздерге айналды.

М.Серәлин белгілі қоғам қайраткері есебінде де тарихта қалды. 1919-1920 жылдары «Ұшқын» газетінде қызметкер болса, 1921 жылы Қостанайдағы Шұбар болыстық атқару комитетінің төрағасы, ал 1922-1923 жылдары Қостанай губаткомы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 1923-1926 жылдары «Ауыл» газетінің редакторы болды.

Қостанай өңірінде қаламгердің мерейлі жылы шама-шарқына қарай аталып өтіп жатыр. Жазушының жерленген жері жаңартылды. Қарабалық ауданының орталығында еңселі ескерткіші және аты берілген қазақ орта мектебі бар. Облыс орталығындағы бір көше де оның есімімен аталады. Жақында ғана аудан орталығында оның құрметіне республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Қостанай қаласында қаламгер қызмет еткен бұрынғы «Ауыл» газеті ғимаратының қабырғасына ескерткіштакта орнатылған.

Ақылбек ШАЯХМЕТ,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ профессоры, ақын